

БҰЙРЫҚ

№ 01 " 09 " 20 21
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 209
город Кызылорда

**Сыбайлас жемқорлықты
тудыратын себептер мен
жағдайларды болдырмау
туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын орындау және №15 мектеп-лицейде сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, әкімшілік кедергілерді жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. М.Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицей ұжым қызметкерлеріне :
 - 1) Оқушылар және ата-аналардан (немесе өзге заңды өкілдерінен) білім ұйымының әртүрлі қажеттіліктеріне заңсыз ақша жинау.
 - 2) Мемлекеттік жалпы міндетті білім берудің стандарты аясында оқушыларға ақылы негізде білім беру қызметін көрсету (мекте сабақтан тыс уақытта қосымша арқылы сабақтар жүргізу);
 - 3) Түрлі мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру (әртүрлі мереке күні, «Соңғы қоңырау» салтанаты, мектеп бітіру кештері);
 - 4) Мектеп-лицейде мекемесінде түрлі ақылы мәдени, спорттық және танымдық іс-шараларды (концерттер, цирктер т.б.) және білім мекемелерінде оқушылардың туған күндерін өткізу;
 - 5) Мектеп-лицейді жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржы жинау;
 - 6) Оқушыларды мектепке қабылдау, педагог қызметкерлерді аттестаттау, тест тапсыру барысында заңсыз әрекеттерге;
 - 7) Мектеп-лицейдің бөлмелерін заңсыз жалға беру фактілеріне жол берілмесін.
2. Мектеп-лицейде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша қызмет алу бұрыштары қамтамасыз етілсін және көрсетілетін мемлекеттік қызмет мерзімдері сақталсын.
 - 1) Оқушылардың ата-аналарының (немесе өзге заңды өкілдерінің) мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін №15 мектеп-лицейдің сенім телефоны (27-28-54 мектеп-лицейдің ақпарат тақтасына орналастырылсын.
 - 2) Осы бұйрық мектеп-лицейдің қызметкерлерінің және оқушылар мен ата-аналарға (немесе өзге заңды өкілдеріне) таныстырылсын.
 - 3) Осы бұйрықтың орындалуына жеке жауапкершілік әр бір ұжым мүшесіне жүктелсін және осы бұйрықтың бұзылуына жол берген жағдайда қатаң тәртіптік жаза қолданылсын.
 - 4) Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
 - 5) Бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

№15 мектеп-лицей директоры:  Г.А.Тилеуова